# **Ашық сабақ:**
**тақырыбы:** Үй интерьері
6 сынып

**Мұғалім:** Сейткулова Динара Рауановна

# Бағалау:





*Киім деуге жатпайды, киімді кірден сақтайды?*

- *Алжапқыш дегеніміз не?*

- Алжапқыш сызбасын қалай саламыз?

Алжапқыштың түрлері?

0Алжапқыш тігу үшін қандай өлшемдер керек?

0Алжапқыш не үшін керек?

0Алжапқыштың шығу тарихы қандай?

*Алжапқыш тігу үшін керекті материалдар қандай?*

- *Алжапқышты қай матадан тіккен дұрыс?*

- *Тігін бұйымдарын жүргізу қалай жүреді?*

# Тұрғын үй интерьері

**Сабақтың мақсаты:**

- *Білімділік:*Оқушыларға тұрғын үй жайлы түсіндіру. Тұрғын үй интерьері
- туралы білу, білімдерін қалыптастыру
- *Дамытушылық:* Оқушылардың есте сақтау және зейіндік қабілеттерін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.
- *Тәрбиелілік:* Эстетикалық талғамға, мұқияттылыққа, зейінділіке, шаттық сезімге тәрбиелеу, өмір сүрудің және адам қызметінің оптималды жағдайын жасай білуге, барлығын қажетті сәтте шеберлікпен орындай білуге тәрбиелеу.

# Сергіту сәті!!!

- Интерьер француз тілінен алынған ішкі деген мағынаны білдіреді. Біздің тұратын, жұмыс жасайтын және демалатын пәтеріміз ыңғалы, жайлы, әдемі болуы керек. Интерьер орынжайдың ішкі кеңістігін, әсемдік жайы мен түрлі жабдықтарды біртұтас үйлесімді жинақтауға мүмкіндік беретін жоспарлаудың сәтті шешімі.композияция бұл құрастыру, жалғастыру, байланыстыру мағынасын білдіреді. **Интерьер** — пәтердің белгілі бір ретпен қалыптастырылған әрі сәндеп жабдықталған ішкі кеңістігі.
- Пәтер интерьерін қалыптастыруда оның сәулеттік шешімі және құрылыс жабдықтары: бөлменің саны мен өзара ыңғайластырыл олардың көлемі мен габариті, терезе мен есіктің, үй жылытатын радиаторлардың, жап-сарластырып салынған шкафтың, санитарлық аспаптардың, асханадағы ыдыс-аяқ жуғыш пен газ не электр плитаның т. б. орналасуы елеулі роль атқарады. Пәтер интерьері тұрмыстық аспаптардан, машиналар мен жарық түсіретін құралдардан және жиһаздан құралады.
- Интерьерді жабдықтаудың қажетті шарты — **қолайлылық пен әсемдік**. Интерьердің барлық элементтері өзара әдемі үйлесуі, ал интерьер бүтіндей алғанда бірін-бірі толықтырып, көз тартарлық әсем болуы тиіс. Пәтерді жабдықтарда үйге қандай заттар қажет, оларды қай жерге және қалай орналастыру, әшекейі мен түсі, бөлменің әшекей мен болуын өзгерту-өзгертпеу туралы мәселені алдын ала ойластыру керек.
- Пәтер интерьерін қалыптастыру мәселесіне арналған кітаптар шығарылады, журналдарға мақалалар басылады, көрмелер ұйымдас-тырылады, ал көрмелерде осы заманғы пәтер интерьерлерінің макет үлгісі және жиһаздың, жабдықтың, әшекейдің, жабдықтауға қажетті басқа да элементтердің ең жақсы өнеркәсіптік үлгілері көрсетіледі.

# *Топтық жұмыс:*

*бөлме интерьерлерін құрастыру*

# Үйге тапсырма:

- «Менің арманымдағы бөлме» тақырыбына өз бөлме интерьерінің суретін салу.

# Рефлексия
# Көңіл- күй құмырасы:



керемет



жақсы



қанағаттанарлық